

## Дәрілік заттар туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 23 қарашадағы N 2655 заң күші бар жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2004.01.13. N 522 Заңымен.

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабына сәйкес және дәрілік заттарды әзірлеудің, өндірудің, импорттаудың, экспорттаудың және өткізудің құқықтық, экономикалық және ұйымдық негіздерін нығайту, сондай-ақ халықтың қауіпсіз, тиімді және сапалы дәрілік көмек алуына кепілдік беру мақсатында осы Жарлықты шығарамын.

## I Тарау. Жалпы ережелер

### **1-бап. Осы Жарлықта пайдаланылған негізгі ұғымдар**

"Дәрілік заттар" (емдік-дәрі-дәрмек) - ерекше фармакологиялық қасиеті бар, алыну негізі әртүрлі (өсімдіктен, мал өнімінен, синтетикалық, минералдық, биотехникалық жолмен және басқаша) заттар, әрі дерттердің алдын алу, диагноз қою және ауруларды емдеу үшін қолданылатын осы заттардың дәрілік түрлері.

Дәрілік заттарға дәрілік заттардың құрамдас бөлігі болатын заттар, олардың дәрілік түрлері, адам ағзасының ішінде немесе денесінде уақытша немесе ұзақ сақталуға тиіс заттар мен минералдар, сондай-ақ дерттердің диагнозын қою, алдын-алу, емдеу үшін қолданылатын емдік - алдын алуға арналған тамақ өнімдері, тағамдық қоспалар, бұйымдар, жабдықтар, аспаптар теңестіріледі.

"Дәрілік заттар пайдалану" - жаңа дәрілік заттарға, субстанцияларға ғылыми іздестірулер жүргізу әрі әзірлемелер жасау, дәрілердің түрлерін даярлау, дайындау, өңдеу, ұқсату, орау немесе дәрілік заттарды алуға бағытталған басқа іс-әрекет жасау, сондай-ақ оларды сату, үлестіру және айналымға қосудың басқа тәсілдері, сатып алу, қолдану, сақтау, тарату, қайта өңдеу және жою.

"Фармацевтік қызмет" - дәрілік заттарды өндіру, ұқсату, сатып алу, сақтау, тарату, сату, дәрілік шикізат жинау және дайындау.

"Дәріханалық ұйымдар" - дәріханалар, дәріхана қоймалары, дәріхана пункттері, дәріхана киоскілері.

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік Фармакопеясы" - белгіленген тәртіппен тіркелген және қолдануға рұқсат етілген дәрілік заттар сапасының нормаларын белгілейтін мемлекеттік стандарттар жиынтығы.

"Қазақстан Республикасының дәрілік заттарының мемлекеттік тізілімі" - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі тіркеген және қолдану мен өндіруге рұқсат еткен дәрілік заттардың тізбесі.

## **2-бап. Қазақстан Республикасының дәрілік заттар туралы заңдары**

Қазақстан Республикасының дәрілік заттар туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясынан, осы Жарлықтан, Қазақстан Республикасының заң актілерінен және Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің осыларға сәйкес қабылданған актілерінен тұрады.

Егер Қазақстан Республикасы қатысатын халықаралық шартта Қазақстан Республикасының дәрілік заттар туралы заңдарында тұжырымдалған ережелерден өзге ережелер белгіленген болса, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

## **3-бап. Халыққа дәрілік көмек беруді ұйымдастырудың негізгі принциптері**

Халыққа дәрілік көмек беруді ұйымдастыру саласында жүзеге асырылатын мемлекеттік саясат:

азаматтардың дәрілік көмек алуға деген құқықтарын іске асыру үшін қауіпсіз, тиімді және сапалы дәрілік заттар алуын қамтамасыз ету жолымен кепілдік жасау ;

Қазақстан Республикасы азаматтарының жеке санаттарына тегін немесе жеңілдікті дәрілік көмек көрсету;

нысаналы мемлекеттік бағдарламалар негізінде дәрілік көмек беруді ұйымдастыру міндеттерін кешенді шешу;

жаңа қауіпсіз, тиімді және сапалы дәрілік заттар іздестіру мақсатында ғылыми зерттеулер ұйымдастыру;

ғылым, техника жетістіктерін және фармацевтика өнеркәсібі мен халыққа дәрілік көмек беру саласында озық тәжірибені кеңінен пайдалану;

фармацевтік қызметке мемлекеттік бақылау жасау;

дәрілік заттарды өндіруге, импорттауға, экспорттауға және сатуға лицензия беру принциптеріне негізделеді.

## **II Тарау. Дәрілік көмек беруді қамтамасыз ету саласындағы азаматтардың құқықтары мен міндеттері**

### **4-бап. Азаматтардың дәрілік көмек алуға деген құқығы**

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың:

қауіпсіз, тиімді және сапалы дәрілік көмек алу кепілдігіне;  
ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан, кез-келген дәріхана және емдеу - алдын алу ұйымынан шұғыл дәрілік көмек алуға;  
дәріхана, емдеу - алдын алу, санитарлық-эпидемиологиялық ұйымдардан дәрілік заттардың сапасы мен қауіпсіздігін сипаттайтын ақпарат алып, танысуға;  
көрсетілген дәрілік көмектің қауіпсіздігі, тиімділігі және сапасы туралы қорытынды алу үшін сарапшы органдар мен ұйымдарға өтініш айтуға құқығы бар.

2. Кепілді көлемде тегін немесе жеңілдікті дәрілік көмек алуға құқығы бар Қазақстан Республикасы азаматтарының санаттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

### **5-бап. Азаматтардың дәрілік көмек алудан бас тарту және өздерінің денсаулығына келтірілген залал үшін өтем алу құқығы**

Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың:

дәрілік заттардың қауіпсіздігіне, тиімділігіне және сапасына күмәнданған жағдайда оларды қолданудан бас тартуға;

медицина қызметкерлерінің дәрілік заттарды дұрыс белгілемеуі, дұрыс босатпауы және дұрыс қолданбауы салдарынан өздерінің денсаулығына келген залал үшін өтем алуға құқығы бар. Залалдың орнын толтыру тәртібі мен шарттары қолданылып жүрген заңдарға сәйкес белгіленеді.

### **6-бап. Азаматтардың дәрілік көмек саласындағы міндеттері**

Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар:

дәрілік заттар туралы заңдарды сақтауға;

басқа азаматтардың денсаулығына қатер төндіретін дерті білінген жағдайда дәрілік заттарды қабылдауға міндетті.

### **7-бап. Қазақстан Республикасында шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ адамдарға дәрілік көмек көрсету тәртібі мен шарттары**

Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты немесе уақытша тұратын шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ адамдарға дәрілік көмек берудің осы Жарлықта көзделген тәртібі мен шартын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

## **III Тарау. Халыққа дәрілік көмек беруді мемлекеттік басқару**

### **8-бап. Халыққа дәрілік көмек беруді мемлекеттік басқару**

1. Халыққа дәрілік көмек беруді мемлекеттік басқаруды Қазақстан Республикасының Үкіметі және Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі:

халыққа дәрілік көмек беруді ұйымдастырудың мемлекеттік бағдарламаларын әзірлеп, іске асырады;

тиісті министрліктермен және ведомстволармен келісе отырып, фармацевттік қызметті жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалар қызметінің тәртібін реттейтін заң актілерін және өзге де нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді;

дәрілік заттарды тұтыну стратегиясын болжайды;

бірінші кезекте өндіру және импорттау үшін негізгі (өмірлік маңызды) дәрілік заттардың тізбесін анықтайды және бекітеді;

шектеулі мөлшерде түсетін негізгі (өмірлік маңызды) дәрілік заттардың ресурстарын бөледі;

дәрілік заттар алуға бөлінетін бюджеттік қаржының ұтымды пайдаланылуына бақылауды қамтамасыз етеді;

дәрілік заттардың қауіпсіздігіне, тиімділігіне және сапасына мемлекеттік бақылау ұйымдастырады;

Қазақстан Республикасы дәрілік заттарының Мемлекеттік фармакопөясын және Мемлекеттік Тізілімін, дәрілік заттардың салалық нормативтік актілерін, нормативтік-техникалық құжаттамасын бекітеді;

халыққа дәрілік көмек беру саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады.

#### **IV Тарау. Халыққа дәрілік көмек беруді қаржыландыру**

##### **9-бап. Халыққа дәрілік көмек беруді қаржыландыру көздері**

Халыққа дәрілік көмек беруді қаржыландыру көздері мыналар:

республикалық және жергілікті бюджеттердің тиісті қаражаты, соның ішінде Қазақстан Республикасының азаматтарының белгілі бір санаттарына дәрілік заттарды тегін немесе жеңілдікпен босатуға бөлінетін қаржы;

Міндетті медициналық сақтандыру қорының қаражаты, заңды және жеке тұлғалардың ерікті аударымдары, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың қайырымдылық жарнасы;

пайдаланылуы қолданылып жүрген заңдарға қайшы келмейтін басқа түсімдер

##### **10-бап. Халыққа дәрілік көмек беруге жұмсалатын қаражатты пайдалану**

Халыққа дәрілік көмек беруді қаржыландыруға бағытталатын қаражат:

негізгі (өмірлік маңызды) дәрілік заттар, субстанциялар және фармацевтік өндірістің жаңа технологиясын алуға;

жаңа тиімді дәрілік заттарды іздестіру жөніндегі ғылыми зерттеулерді дамытуға, оларды өндіру технологиясын әзірлеуге;

фармацевтика өнеркәсібін дамытудың нысаналы кешенді бағдарламаларын іске асыруға;

экономикалық жағынан тиімсіз дәрілік заттарды шығаруға және Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тәртіпке сәйкес тегін және жеңілдікпен берілетін дәрілік заттардың шығындарын өтеуге;

халыққа дәрілік көмек беруді жүзеге асыратын ұйымдардың шикізат және материалдық-техникалық базасын дамытуға;

төтенше жағдайларда пайдалану үшін дәрілік заттардың мемлекеттік резервін жасауға;

дәрілік заттардың сапасын бақылайтын, сертификаттайтын және стандарттайтын мемлекеттік қызметті дамытуға жұмсалады.

## **V Тарау. Дәрілік заттарды қолдану**

### **11-бап. Фармацевтік қызметті лицензиялау**

Заңды және жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіп бойынша лицензия негізінде дәрілік заттарды өндіру (жасау), сату, экспорттау мен импорттауды (жануарлар мен өсімдік шикізатын өсіру, жинау және сатудан басқасын) жүзеге асыруға хақылы.

### **12-бап. Дәрілік заттарды іздестіру, сынақтан өткізу және қолдануға рұқсат беру**

1. Іздестіру жұмыстары қауіпсіз, тиімді және сапалы дәрілік заттар жасау мақсатында жүргізіледі.

2. Жаңа дәрілік заттарды клиникаға дейінгі және клиникалық сынақтан өткізу жұмыстарын жүргізу, оларды тіркеу мен медицинада қолдану тәртібі мен шарттарын Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі бекітеді.

3. Дәрілік заттарды мемлекеттік тіркегені үшін Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген тәртіппен алым алынады.

**Ескерту. 12-бап 3-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2001.12.24. N 276 Заңымен.**

### **13-бап. Дәрілік заттардың қауіпсіздігі мен сапасына қойылатын талаптар**

1. Дәрілік заттар қауіпсіз, тиімді әрі сапалы болуға тиіс. Дәрілік заттардың қауіпсіздігі мен сапасы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Фармакопедиясының талаптарына немесе белгіленген тәртіппен бекітілген және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік фармакопедиясының құрамдас бөлігі болып табылатын мемлекеттік стандарттарға сәйкес келуі керек.

2. Дәрілік заттардың нормативтік-техникалық құжаттамасы нақты өндіруші үшін ғана жарамды және сараптаушы (сынаушы) ұйымға белгіленген тәртіппен беріледі.

3. Дәрілік заттардың қауіпсіздігі мен сапасы белгіленген тәртіппен берілген сәйкестік сертификатымен расталуға тиіс.

#### **14-бап. Дәрілік заттар өндірушілердің құқықтары мен міндеттері**

1. Дәрілік заттар өндірушілердің:

белгіленген тәртіппен бекітілген нормативтік-техникалық құжаттамасы болған ретте өздері өндіретін дәрілік заттардың номенклатурасын дербес анықтауға;

дәрілік заттар өндіруге мемлекеттен қаржы алу үшін конкурсқа қатысуға құқығы бар.

2. Дәрілік заттар өндірушілер:

қолданылып жүрген заңдарда белгіленген тәртіппен өкілетті орган берген дәрілік заттар өндіруге құқық беретін лицензиясы болуға;

Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеуден өткен дәрілік заттарды өндіруге;

белгіленген тәртіппен тіркелген сертификаттау жөніндегі органдарда сертификаттауды жүзеге асыруға;

өздері өндіретін дәрілік заттар туралы ақпараттың растығы мен жариялылығын қамтамасыз етуге міндетті.

#### **15-бап. Дәрілік заттар өндірілетін шикізат**

1. Минерал және өсімдік ресурстары, малдан алынған және биотехнологиялық материалдар, химиялық заттар және басқа өнімдер дәрілік заттар өндірілетін шикізат болып табылады. Фармацевтика өнеркәсібінің өсімдік тектес дәрілік шикізатқа деген қажеттігі негізінен өсімдіктер өсіру арқылы қамтамасыз етіледі.

2. Құрамында есірткі, әсері күшті және улы заттар бар дәрілік өсімдіктерді егу мен дайындау, сондай-ақ дәрілік заттар өндіру үшін жабайы дәрілік өсімдіктерді дайындау, тұқымдық және көшеттік материалдарды жинау Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес арнайы рұқсат бойынша жүргізіледі.

#### **16-бап. Дәрілік заттарды импорттау, экспорттау және сату**

1. Қазақстан Республикасында тіркелген және қолдануға рұқсат етілген дәрілік заттарды импорттау, экспорттау мен сатуды заңды және жеке тұлғалар қолданылып жүрген заңдарда белгіленген тәртіппен берілген лицензиясы мен сәйкестік сертификаты болған ретте жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасында тіркелмеген дәрілік заттарды бір жолғы әкелуге ерекше жағдайларда (төтенше жағдай, көрмелер, сынақтар, жеке емдеу)

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің рұқсатымен және Қазақстан Республикасында белгілеген тәртіппен берілген сәйкестік сертификаты болған ретте ғана жол беріледі.

3. Рецепт бойынша дәрілік заттар жасауды және халыққа дәрілік заттар босатуды қолданылып жүрген заңдарға сәйкес фармацевтік білімі бар адамдар жүзеге асырады.

4. Дәрілік заттарды, олар:

тіркелмеген және Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі қолдануға рұқсат бермеген;

Қазақстан Республикасы дәрілік заттарының Мемлекеттік Тізілімінен шығарылып тасталған;

сапасы жағынан нормативтік-техникалық құжаттама, белгіленген тәртіппен бекітілген қолдану жөніндегі нұсқаулық талаптарына сәйкес келмейтін;

белгіленген тәртіппен берілген сәйкестік сертификатынсыз;

дәріхана және емдеу - алдын-алу ұйымдарынан тыс;

халыққа дәрілік көмек көрсететін дәріхана және емдеу-профилактикалық ұйымдары арқылы жануарлар дерттерінің алдын алуға, диагнозын қоюға және оларды емдеуге арналған жағдайларда, сатуға тыйым салынады.

5. Дәріхана мекемелері арқылы таратуға тыйым салынған дәрілік заттардың тізбесін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі белгілейді.

6. Есірткілік, жүйкеге әсер ететін және соларға теңестірілген дәрілік заттарды импорттау, экспорттау және сату қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.

### **17-бап. Дәрілік заттар туралы ақпарат**

1. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі дәрілік заттар өндіруді, импорттауды, экспорттауды және сатуды жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғаларды, дәріхана, ғылыми-зерттеу және емдеу - алдын-алу ұйымдарын, денсаулық сақтау қызметкерлерін Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген жаңа тиімді дәрілік заттар туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы дәрілік заттарының Мемлекеттік тізілімінен шығарылып тасталған дәрілік заттар туралы ақпаратпен қамтамасыз етеді. Ақпарат ғылыми ілімінің қазіргі деңгейіне сәйкес болуға тиіс.

2. Даяр дәрілік заттарда тиісті таңбасы және Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен нысандағы қысқаша нұсқаулық ( жапсырма) түріндегі тұтынушыға арналған қолдану жөніндегі қажетті ақпараты болуға тиіс. Дәрілік заттардың жарнамасы байыпты болуға тиіс. Дәрілік заттарды жарнамалауға рұқсат беру тәртібін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі белгілейді.

### **18-бап. Дәрілік заттарды сақтау, тасымалдау және жою**

1. Дәрілік заттар белгіленген тәртіппен бекітілген нормативтік-техникалық құжаттамаға сәйкес олардың сапасының сақталуы мүлтіксіз қамтамасыз етілетін жағдайда сақталады және тасымалданады. Дәрілік заттардың жарамдылық мерзімін ұзартуға болмайды.

2. Сатуға және пайдалануға жарамсыз дәрілік заттарды ұқсатуды немесе жоюды Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің дәрілік заттарды бақылау жөніндегі мемлекеттік қызметі қолданылып жүрген заңдарға сәйкес реттеп отырады.

## **VI Тарау. Дәрілік заттардың қауіпсіздігі мен сапасын бақылау**

### **19-бап. Дәрілік заттардың қауіпсіздігі мен сапасын бақылайтын органдар**

1. Қазақстан Республикасының аумағында дәрілік заттардың қауіпсіздігін, тиімділігін және сапасын қамтамасыз ету жөніндегі заңдардың және басқа нормативтік актілердің сақталуына мемлекеттік бақылауды мыналар жүзеге асырады:

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі дәрілік заттарды бақылау жөніндегі мемлекеттік қызметі арқылы;

Қазақстан Республикасының стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекеттік органы;

Қазақстан Республикасының есірткі заттарын бақылау жөніндегі мемлекеттік органы.

2. Дәрілік заттардың қауіпсіздігі мен сапасын ведомстволық және тәуелсіз бақылауды тиісті тіркелген ұйымдар жүзеге асырады.

### **20-бап. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің дәрілік заттарды бақылау жөніндегі мемлекеттік қызметі**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің дәрілік заттарды бақылау жөніндегі мемлекеттік қызметі органдар мен ұйымдардың біртұтас орталықтанған жүйесін құрайды және мынадай негізгі функцияларды атқарады:

дәрілік заттарды азаматтардың денсаулығы үшін қауіпсіз қолдануға кепілдік беретін шараларды жүзеге асырады;

шикізатты дайындау, өндіру, сақтау, тасымалдау, сату мен оларды қолданудың барлық кезеңдерінде дәрілік заттардың сапасын бақылайды;

дәрілік заттарды сынақтан өткізу, оларды өндіру, сақтау, тасымалдау және жою тәртібін реттейді;

өндірілген және импортталған дәрілік заттарды тіркеуді әрі олардың қауіпсіздігі мен сапасын бақылауды ұйымдастырып, жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасы дәрілік заттарының Мемлекеттік Тізілімін және Мемлекеттік Фармакопеясын жүргізеді;



дәрілік заттар өндіруді, импорттауды, экспорттауды және сатуды лицензиялау жөніндегі сарапшылық жұмыстарын жүзеге асырады;

дәрілік заттарға арналған салалық нормативтік актілерге, мемлекеттік стандарттарға, нормативтік-техникалық құжаттамаға сараптама жүргізеді;

дәрілік заттардың қауіпсіздігін, тиімділігін және сапасын бақылау саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады.

### **21-бап. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің дәрілік заттарды бақылау жөніндегі мемлекеттік қызметінің өкілеттігі**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің дәрілік заттарды бақылау жөніндегі мемлекеттік қызметінің уәкілетті адамдары:

фармацевтік қызметті бақылауды жүзеге асыруға;

фармацевтік қызметпен шұғылданатын заңды және жеке тұлғалардан дәрілік шикізаттың және даяр дәрілік заттардың сапасын сипаттайтын техникалық құжаттаманы, сондай-ақ аталған өнімнің үлгілерін олардың құнын табыс етуші ұйымдар мен жеке адамдардың есебіне жатқыза отырып сараптама жасау үшін техникалық тұрғыдан негізделген көлемде алуға;

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес дәрілік заттарды пайдалану жөнінде анықталған кемшіліктерді жою туралы нұсқамалар беруге;

белгіленген тәртіппен бекітілген стандарттар мен нормативтік-техникалық құжаттама, сондай-ақ тиісті лицензиялар болмаған немесе олар бұзылған ретте заңда белгіленген тәртіппен ұйымдардың немесе олардың құрылымдық бөлімшелерінің өндірістік қызметін тоқтата тұруға (тыйым салуға);

дәрілік заттарды пайдалану жөніндегі заң мен өзге де нормативтік актілерді бұзғаны үшін заңды және жеке тұлғаларды жауапқа тарту жөнінде тиісті органдарға ұсыныс жасауға хақылы.

### **22-бап. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің дәрілік заттарды бақылау жөніндегі мемлекеттік қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз ету**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің дәрілік заттарды бақылау жөніндегі мемлекеттік қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз ету республикалық және жергілікті бюджеттер, оларды пайдалану қолданылып жүрген заңдарға қайшы келмейтін басқа да көздер қаражатынан жүзеге асырылады.

### **23-бап. Қазақстан Республикасының есірткі заттарды бақылау жөніндегі мемлекеттік органының өкілеттігі**

Қазақстан Республикасының есірткі заттарды бақылау жөніндегі мемлекеттік органы есірткі, жүйкеге әсер ететін және соларға теңестірілген заттарды бақылау жөніндегі заң және нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлейді, есірткі, жүйкеге әсер ететін және соларға теңестірілген заттарды өндірудің,

импорттаудың, экспорттаудың, сатып алудың, сату мен қолданудың белгіленген тәртібінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады, осы саладағы халықаралық ынтымақтастыққа қатысады.

#### **24-бап. Дәрілік заттардың сапасы мен қауіпсіздігін ведомстволық және тәуелсіз бақылау**

1. Дәрілік заттардың қауіпсіздігі мен сапасына ведомстволық бақылауды министрліктердің, ведомстволардың қолданылып жүрген заңдарға сәйкес тіркелген бақылау-талдау (сынақ) лабораториялары мен орталықтары жүзеге асырады.

2. Дәрілік заттардың қауіпсіздігі мен сапасына тәуелсіз бақылауды сертификаттау жөніндегі органдар, заңды және жеке тұлғалардың дәрілік заттарды өндіру, импорттау, экспорттау және сату қызметіне қатыспайтын бақылау-талдау (сынақ) лабораториялары мен орталықтар жүргізеді.

3. Дәрілік заттардың қауіпсіздігі мен сапасына ведомстволық және тәуелсіз бақылауды жүзеге асыру тәртібі мен шарттары қолданылып жүрген заңдармен белгіленеді.

#### **25-бап. Дәрілік заттарға қойылатын санитарлық талаптар**

Дәрілік заттарды пайдалану барысында санитарлық ережелер мен нормалардың, гигиеналық нормативтердің сақталуын бақылауды Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдары жүзеге асырады.

### **VII Тарау. Қорытынды ережелер**

#### **26-бап. Дәрілік заттар туралы заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік**

Дәрілік заттар туралы заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес белгіленеді.

#### **27-бап. Осы Жарлықты іске асыру жөніндегі шаралар және оның күшіне ену тәртібі туралы**

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

Қазақстан Республикасының заң актілерін "Дәрілік заттар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына сәйкес келтіру туралы ұсыныстарды табыс етсін;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін "Дәрілік заттар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына сәйкес келтірсін;

Қазақстан Республикасы министрліктерінің, мемлекеттік комитеттерінің, ведомстволарының осы Жарлыққа қайшы келетін нормативтік актілерін қайта қарауын және күшін жоюын қамтамасыз етсін.

2. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК